

**Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен некелерін тіркеу тәртібі туралы уақытша нұсқаулы хат**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уақытша нұсқаулы хаты 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 246 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 қаңтар N 246 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 1999.06.29. N 51 бұйрығымен ҚР азаматтарының шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен некелерін тіркеу тәртібі туралы

Қолданылып жүрген заңдардың дұрыс пайдаланылуын және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен некелерін тіркеу кезіндегі практиканың бірлігін қамтамасыз ету мақсаттарында республиканың аудандық және қалалық АХАЖ бөлімдері (бұдан әрі мәтін бойынша аудан (қала) АХАЖ бөлімі) мыналарды басшылыққа алуға  
т и і с .

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабына сәйкес республикамызда неке мемлекет қорғауында болады.

Қазақ КСР-і Неке және отбасы туралы кодексінің 15-бабына сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша "Кодекс") неке қиятын адамдардың өзара келісімінде негізделеді.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы", заң күші бар, жарлығының 14-бабына сәйкес шетел азаматтары Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының азаматтарымен және басқа адамдармен неке қия және бұза алады, неке және отбасы қатынастарында Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды пайдаланады және міндеттер көтереді.

3. Кодекстің 183-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен некелері, сондай-ақ шетел азаматтарының республика аймағындағы өзара некелері Кодекстің 15-бабымен белгіленген жағдайларды сақтай отырып, қазақстандық заңдарға сәйкес қиылады .

4. Некелесуді қалайтын адамдар арызын некеге отыратындардың немесе олардың ата-аналарының тұратын жері бойынша аудан (қала) АХАЖ бөліміне  
ж е к е б е р е д і .

Арыз белгіленген нысандағы бланкте (N 1 қосымша) жазылуға және онда

нысанда қойылған барлық сұрақтарға мейлінше толық жауаптар болуға тиіс.

Шетел азаматымен некесін тіркеуді қалайтын Қазақстан Республикасы азамат (шас)ының арызын қабылдау кезінде аудан (қала) АХАЖ бөлімі оны болашақ зайыбы соның азаматы болып табылатын Мемлекеттің заңдары бойынша сол үшін туындайтын, атап айтқанда азаматтық, ерлі-зайыптылардың екеулерінің және олардың балаларының құқықтық жағдайы ерекшеліктері, жеке және мүліктік құқықтар мәселелері бойынша құқықтық салдармен таныстырады.

5. Арызды аудан (қала) АХАЖ бөліміне беру кезінде жеке адамды куәландыратын мынадай құжаттар берілуге тиіс:

5.1. Республикада тұрақты тұратын немесе шетелде уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматы ұлттық төлқұжатты не жеке куәлігін, не тұрақты тұратын жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар 1974 жылғы үлгідегі төлқұжатты береді.

Шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы оны Қазақстан Республикасының шетелде тұрақты тұратын азаматы ретінде есепке алу туралы шетелдегі консулдық мекеменің белгісі бар, Қазақстан Республикасы азаматының ұлттық төлқұжаты.

5.2. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы, нақты төлқұжатқа қоса шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға белгі қ а ғ а з ы н б е р е д і .

Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетел азаматы төлқұжатты немесе белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында тіркелген соның орнына жүретін құжатты береді.

5.3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұратын жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының белгісі бар, азаматтығы жоқ адамның куәлігін береді.

Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, ол өмір сүретін елдің құзыретті органдары берген және белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында тіркелген нақты құжатты береді.

6. Шетел азаматы төлқұжатын (жеке басын куәландыратын құжатты) берумен бірге оның мәтінінің нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдерінде жазылған аудармасын беруге тиісті.

Аударманың бұл адам азаматы болып табылатын мемлекеттің (азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұратын елінің) консулдығында (елшілігінде) немесе осы мемлекеттің Сыртқы істер министрлігімен де куәландырылуы мүмкін.

7. Егер некелесетіндер арызды ата-анасының немесе олардың біреуінің тұратын жері бойынша аудан (қала) АХАЖ бөліміне Қазақстан Республикасының аумағында берсе, тұратын жері бойынша тіркелгендігі туралы

белгісі бар 1974 жылғы үлгідегі төлқұжаттар немесе ата-аналарының ( ата-анасының) жеке куәлігі берілуге тиіс.

8. Кодекстің 17-бабына сәйкес, біреуі болсын басқа некеде тұратын адамдар арасында некелесуге жол берілмейтіндікке байланысты, шетел азаматы некелесу туралы арыз беру кезінде соның азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органы немесе консулдығы (елшілігі) берген, оның некеде тұрмайтындығын куәландыратын, және егер халықаралық шарттардан өзгеше туындамаса, Қазақстан Республикасының шет елдегі тиісті консулдық мекемесінде немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Бас консулдық басқармасында ресмилендірілген анықтама беруге тиісті.

Азаматтығы жоқ адам оның тұрақты тұратын елінің құзыретті органы немесе консулдығы (елшілігі) берген және Қазақстан Республикасының шетелдегі тиісті консулдық мекемесінде немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Бас консулдық басқармасында ресмилендірілген осындай анықтама береді.

Анықтамада шетел азаматының фамилиясы, аты, әкесінің аты толық көрсетіледі (егер шетел азаматының төлқұжатында әкесінің аты көрсетілмесе, ол некелесуге арналған құжаттарда да көрсетілмейді).

Анықтама мәтінің қазақ және орыс тілдерінде жасалған аудармасы нотариалды куәландырылуға тиіс. Аударманың бұл адам азаматы болып табылатын мемлекеттің (азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұратын елінің) консулдығында (елшілігінде) немесе осы мемлекеттің Сыртқы істер министрлігімен де куәландырылуы мүмкін.

Анықтама берілген күнінен бастап үш ай аралығында жарамды. Бұл мерзім некелесу туралы арыз беру күнінен есептеледі.

9. Бұрын тіркелген некеде тұрған адамдар аудан (қала) АХАЖ бөліміне бұрынғы некенің бұзылғандығын растайтын құжаттарды (неке бұзу туралы куәлік, зайыбының қайтыс болуы туралы куәлік не некені жарамсыз деп тану туралы сот шешімі) береді.

Некесін шетелде бұзған Қазақстан Республикасының азаматы, сондай-ақ шетел азаматы үшін мұндай құжаттың неке бұзу туралы сот шешімі, зайыбының қайтыс болуы туралы куәлік не бұрынғы некенің бұзылғандығын растайтын, құзыретті орган берген және, егер халықаралық шарттардан өзгеше туындамаса, Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемесінде не Қазақстан Республикасы СІМ-нің Бас консулдық мекемесінде ресмилендірілген басқа құжат болуы мүмкін.

Некенің бұзылуын растайтын шетел сотының шешімі не басқа құжат Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемесімен, шетел азаматы соның азаматы болып табылатын мемлекеттің (азаматтығы жоқ адамның тұрақты

тұратын елінің) консулдығымен (елшілігімен) не осы мемлекеттің Сыртқы істер министрлігімен куәландырылған, қазақ немесе орыс тілінде жасалған аудармасымен бірге берілуге тиіс.

Бұл тәртіп халықаралық шарттарға сәйкес мұндай құжаттардың Қазақстан Республикасының аумағында жарамды болып есептелетін жағдайларына жатады.

10. Кодекстің 182-бабына сәйкес, арызды қабылдаған аудан (қала) АХАЖ бөлімі некелесушілерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, некені тіркеу шарттары мен тәртібімен таныстыруға, болашақ ерлі-зайыптылар мен ата-аналар ретінде олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, бұл адамдардың бір-бірінің денсаулығы мен отбасы жағдайы туралы өзара хабардар екендігіне көзін жеткізуге, және некелесуге кедергі болатын жағдайларды жасырғаны үшін қылмыстық кодекстің 184-бабымен көзделген жауапкершілік туралы ескертуге тиіс.

11. Аудан (қала) АХАЖ бөлімі арызға қоса берілген құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және некелесушілердің келісімі бойынша олардың некелерін салтанатты жағдайда тіркеуін қалап-қаламайтындығын анықтай отырып, некені тіркеу күні мен сағатын да тағайындайды.

12. Ортақ балалары бар адамдардың арасында неке қию кезінде, аудан (қала) АХАЖ бөлімі оларға әкелікті анықтау тәртібін де түсіндіруге тиіс.

13. Некені тіркеу арызды қабылдаған аудан (қала) АХАЖ бөлімінде, оны берген аудандардың қатысуында жасалады.

Некені тіркеу некелесуді қалайтын адамдардың арыз бергенінен кейін бір айлық мерзім өткен соң жасалады, Жеке жағдайларда, дәлелді себептер болған кезде, аудан (қала) АХАЖ бөлімінің меңгерушісі некелесушілердің бірлескен өтініші бойынша аталған мерзімді қысқартуы немесе көбейтуі, бірақ бір айдан аспайтын уақытқа мүмкін.

14. Егер некені тіркегенге дейін аудан (қала) АХАЖ бөліміне біреуден неке қиюға кодекстің 17-бабында көзделген кедергілердің болуы туралы хабар келіп түссе, онда бұл мәлімдеушіге некені тіркеу үшін заңдармен белгіленген мерзім шегінде тиісті дәлелдер беру ұсынылады. Тіркеудің мұндай жағдайда уақытша кейінге қалдырылуы мүмкін, ал кейінге қалдыру себептері туралы некелесу туралы арыз берген адамдар хабардар етіледі.

15. Бірқатар мемлекеттер заңдарының өз мемлекеттері азаматтарының шетел азаматтарымен некелерін тек некелесетін адамдар бұған осы мемлекеттің құзыретті органының рұқсатын алған кезде ғана жарамды деп тануына байланысты, аудан (қала) АХАЖ бөлімі арызды қабылдау кезінде шетел азаматы соның азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органынан мұндай рұқсат алудың талап етілетін-етілмейтіндігін мәлімдеушілерден анықтап алуға

т и і с .

Шет мемлекеттің заңдары шетел азаматымен некелесуге құзыретті органнан арнайы рұқсат алуды талап еткен, ал шетел азаматында мұндай рұқсат болмаған жағдайда, аудан (қала) АХАЖ бөлімі арызды қабылдау кезінде некелесушілерге, және ең алдымен Қазақстан Республикасының азамат(шас)ына, олардың некесінің некелесетін адам соның азаматы болып табылатын елде, осыдан туындайтын барлық салдармен, жарамсыз болып танылуы мүмкін екендігін түсіндіруге тиіс .

Егер, мұндай түсіндірулерге қарамастан, мәлімдеушілер некенің тіркелуін талап етсе, бұл неке тіркеледі, ал некені қию туралы актінің жазуында некелесуші адамдар тиісті мемлекетте қолданылып жүрген шетел азаматымен некелесу тәртібі мен шарттарымен таныс екендігі туралы белгі қойылады.

16. Некені тіркеу кезінде ерлі-зайыптыларға олардың қалауы бойынша

ортақ фамилия ретінде олардың біреуінің фамилиясы беріледі не әрқайсысына некелесу алдындағы өз фамилиясы сақталады.

17. Егер Қазақстан Республикасының азаматы некелесу кезінде зайыбының фамилиясын алса, некені тіркеген аудан (қала) АХАЖ бөлімі оған бір айлық мерзім аралығында 1974 жылғы үлгідегі төлқұжатты немесе жеке куәлікті айырбастауды ұсынады.

18. Некенің тіркелуі жасалғаннан кейін ерлі-зайыптыларға неке туралы куәлік беріледі.

19. Қазақстан Республикасы азаматтарының тарихи отанына қайтып келген және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдамаған адамдармен некелерін тіркеу осы нұсқаулы ережелерге сәйкес жасалады.

20. "Мемлекеттік баж салығы туралы" Заңға сәйкес некені тіркегені үшін аудан (қала) АХАЖ бөлімі мемлекеттік баж салығын алады.

21. Аудан (қала) АХАЖ бөлімдері Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтарымен некелерін тіркеу туралы хабарламаны, мәліметтерді белгіленген нысан бойынша (N 2 қосымша) мағлұматтар банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жібереді.

N 1-қосымша

Арыз 19\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ Неке 19\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ тіркелді  
қабылданады және журналда N\_\_ N\_\_\_\_\_ акт жазуы  
болып тіркелді \_\_\_\_\_

Некені тіркеу 19\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ (аудандық (қалалық)

\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ мин. тағайындалды \_\_\_\_\_

Аудандық (қалалық) АХАЖ \_\_\_\_\_

АХАЖ бөлімінің атауы)

бөлімінің меңгерушісі \_\_\_\_\_

(қолы)

Некеге тұру туралы

АРЫЗ

	Ер адам	Әйел
1. Фамилиясы		
2. Аты		
3. Әкесінің аты		
4. Туған уақыты	19__ж. " __ " _____	19__ж. " __ " _____
Жасы	_____ жасқа толды	_____ жасқа толды
5. Туған жері (қала, қыстаң, аудан, облыс, аймақ, республика)		
6. Ұлты		
7. Отбасылық жағдайы, некеде болмаған, әйелі өлген (жесір), ажырасқан		
8. Ортақ балалары туралы мағлұматтар (аты, туған жылы)		
9. Тұрақты тұратын жері		
10. Есеп бойынша нешінші некеге тұрады		
11. Жеке басын куәлан.		

дыратын құжаттар | |  
(сериясы, нөмірі, | |  
қашан және кіммен | |  
берілген) | |

---

Некеге тұруға кедергілер жоқ.

Некені тіркегеннен кейін мына фамилияда болғымыз келеді:

ері \_\_\_\_\_

әйелі \_\_\_\_\_

Некеге тұру шарттарымен және тәртібімен таныстық. Болашақ ерлі-зайыптылар және ата-ана ретіндегі құқықтар мен міндеттер бізге түсіндірілді.

Қылмыстық Кодекстің 184-бабы некеге тұру кедергілерін жасырғаны үшін заң бойынша жауапкершілік туралы ескертілді.

Некеге тұратындардың қолы: Әйелі \_\_\_\_\_

(некеге дейінгі фамилиясы)

Ері \_\_\_\_\_

(некеге дейінгі фамилиясы)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

## № 2 қосымша

Аудандық (қалалық) АХАЖ Қазақстан Республикасының  
бөлімінің бұрыштама Әділет министрлігіне  
мөртаңбасы

## Х А Б А Р

Аз \_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, әкесінің аты

туған жылы)

(азаматтығы көрсетілсін)

Аз \_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, әкесінің аты

туған жылы)

(азаматтығы көрсетілсін)

---

(Аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің

---

атауы)

199\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ акт жазуы неке тіркелген  
соң мына фамилиялар берілді:

еріне \_\_\_\_\_

зайыбына \_\_\_\_\_

Мәліметтер мағлұматтар банкіне енгізілу үшін хабарланып отыр.

Аудандық (қалалық) АХАЖ бөлімінің меңгерушісі \_\_\_\_\_

(қолы)